Кіріспе. Қазіргі заманғы медицина саласы жаратылыстану ғылымдары мен техниканың дамуына негізделген инновациялық бағыттардың бірі болып табылады. Диагностика, емдеу және профилактикалық әдістердің жетілдірілуі дәрігерлердің физика, химия және биологияның іргелі заңдарын терең меңгеруін талап етеді. Осындай жаратылыстану ғылымдарының бірі – биофизика, ол медициналық технологиялардың ғылыми негізін қалыптастырады. Медицина саласы мамандарын даярлау кезінде медициналық жоғары оқу орындарында оқытылатын теориялық пәндер жүйесіндегі медициналық биофизика, негізгі іргелі ғылымдар физика, химия, математика және биологияны физиология, биохимия, патологиялық физиология сияқты бірқатар қолданбалы пәндермен байланыстырушы пән болып табылады. Медициналық биофизика курсының негізгі міндеті білім алушыларға адам ағзасын қалыпты және патологияда ұйымдастырудың барлық деңгейлеріндегі физикалық және физика-химиялық құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды физика-математикалық

түсіндіру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда білім алушыларды медициналық биофизиканың негізгі заңдарын танып білуге үйретіп, соның негізінде олармен жұмыс істеу кәсіби дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады. Қазіргі таңда білім алушылардың басым көпшілігі медициналық биофизика пәнін меңгеруге аса қызығушылық таныта бермейді. Оның негізгі себептерінің бірі болашақ кәсіби іс әрекеттерінде медициналық биофизика пәнінен алған білімдері аса қажет бола қоймайды деп пайымдауларында. Осы мәселе қарастырып отырған зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Білім алушылардың жаратылыстану ғылымдарымен байланысқан медициналық биофизика пәнін меңгерудегі білім сапасының жоғары болуы, олардың жоғары курстарда қарастыратын физиология, биохимия және арнайы клиникалық пәндерді оқып үйренуде алатын орны өте жоғары болмақ. Болашақ медицина саласы мамандары үшін бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуында және кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда барлық меңгеру тиіс пәндер маңызды болып табылады. Осыған байланысты болашақ медицина саласы мамандарының медициналық биофизика курсынан алған білімдерін, кәсіби іс әрекеттерінде қолдануға кедергі болатын аталған мәселені шешудің жолдарын қарастыру кезек күттірмейтін іс болып табылады. Туындаған мәселенің шешу жолдарын қарастырған басқада ғалым-әдіскерлердің еңбектеріне шолу жасасак.

Әдеби шолу.

Қазіргі таңда медициналық жоғары оқу орындарында биофизика пәнін оқытуда туындаған жаңа мәселелер соңғы онжылдықтарда пәнаралық зерттеулердің негізгі бағытына айналды. Өйткені қазіргі медицина саласында тек биологиялық құбылыстарды ғана қарастырумен шектелмей, олардың физикалық және инженерлік заңдылықтары мен құбылыстарын түсіндіруді талап етеді. Соған байланысты көптеген зерттеулер биофизиканы кәсіптік бағдарлы және инновациялық тәсілдер арқылы оқыту тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, зертеуде қол жеткізген әдістемелерді оқыту үрдісіне енгізуге бағытталған.

Л.А. Драчук пен Т.Н. Шамаеваның ғылыми зерттеу жұмысында (Drachuk and Shamaeva, 2015) медициналық жоғары оқу орны білім алушыларының жаратылыстану-ғылыми пәндерді соның ішінде медициналық биофизика пәнін кәсіби бағытта оқудың, болашақ мамандығы үшін қажеттілігін қарастырған. Авторлардың пікірінше биофизика, математикалық статистика және ақпараттық коммуникациялық технологиялар сияқты пәндердің құндылығын түсіну, медицина ғылымы мен тәжірибесінде орын алатын кәсіби маңызды міндеттерді модельдеуге, талдауға және шешуге мүмкіндік беретін жаратылыстану аппаратын игеру, жетілдіру қажеттілігін түсінуі керек. Сол себепті болашақ медицина саласы мамандары үшін медициналық биофизика пәнінен меңгерген білімдерін өзінің кәсіби іс әрекетінде дұрыс

және тиімді қолдана алуы үшін, осы медициналық биофизика пәнін кәсіби бағдарлы оқытудың тиімді әдістерін қарастыруды қажет етеді.

М.М. Муталипов, Л.Б. Атлуханова және С.Е. Труженикованың зерттеулерінде (Mutalipov et al., 2024) медициналық жоғары оқу орындарындағы медициналық биофизика пәні бойынша оқу мәтіндерінің мазмұнын, дәрігердің кәсіби қызметінің мақсаттары мен құндылықтарына сәйкес танымдық және құндылық сипаттамасына сай келу қажеттілігін қарастырған. Авторлардың пікірінше дәрігердің кәсіби қызметінің мақсаттары мен құндылықтарына сәйкестендіре отырып медициналық биофизика пәнінің мазмұнын оңтайландырып, соған сәйкес келетін әдістемелер қарастыру керек.

Ү. Tsekhmister өз еңбегінде (Tsekhmister, 2024) медициналық білім беру бағдарламасында маңызды рөлге ие болған медициналық биофизикамен ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәндерін жедел интеграциялау қажеттілігіне баса назар аудару қажетігін қарастырған. Оның пікірінше бұндай интеграция болашақ денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлердің өзгермелі жағдайларға, медициналық көмекке дұрыс дайындалуы үшін өте маңызды. Осыған байланысты медициналық биофизика пәнін кәсіби бағдарлы түрде оқыту барысында цифрлық технология элементтеріне жүгіну қажеттілігі басымдыққа ие болады.

Kurbonova N.I. өз зерттеуінде (Kurbonova, 2025) медициналық биофизика мен медициналық пәндерді біріктіре отырып оқытудың интеграциялық моделін ұсынған. Зерттеу барысында олар цифрлық симуляция (virtual simulation), виртуалды зертханалар (Labster, PhET), және клиникалық жағдайларға негізделген кәсіби бағдарлы оқыту әдістерінің тиімділігін дәлелдеді. Авторлар физикалық заңдылықтар мен клиникалық деректер арасындағы байланыс білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, кәсіби бейімделу деңгейін көтеретінін көрсетеді.

Е. Kralova ғылыми еңбегінде (Kralova, 2017) медициналық биофизика пәнін оқыту үрдісінде жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін оқытушы тиімді мотивациялық тәсілдерді қарастыруы және ол әдістерді толық пайдалануы маңызды деп қарастырады. Автордың пікірінше медициналық биофизика пәні оқытушылары өз пәндерін терең меңгерту үшін педагогика саласы бойынша заманға сай оқыту әдіс тәсілдерін тиімді қолдана отырып білім алушылардың ынтасын арттыру маңызды екендігін айтады.

U.M. Abdujabbarova, A.Z. Sobirjonov және K.D. Latipova өз ғылыми зерттеу жұмыстарында (Abdujabbarova et al., 2023) медициналық биофизиканы оқыту тәжірибесінде үздіксіздік пен интерактивтілік мәселелері бойынша теориялық және практикалық зерттеулердің нәтижелері жеткіліксіз пайдаланылатындығын атап көрсетеді. Авторлардың пікірінше егер медициналық биофизиканы жоғары оқу орындарында оқыту үрдісінде үздіксіздік пен интерактивтілік мәселелері бойынша теориялық және

практикалық зерттеулердің нәтижелерін тиімді қолдана алсақ, ол білім алушылардың кәсіби бағытта білім меңгеруінде теориямен практиканы ұштастыра алуына жол ашатын еді.

А.Н. Кушеккалиев және Г.Қ. Анесова өз еңбектерінде атап өткендей (Kushekkaliyev and Anesova, 2025) жалпы физиканы оқыту барысында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, оқытушылардың мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың қызығушылығын арттырып, оқыту үрдісін қолжетімді, қызықты және өнімді ететін еді. Бұл қазіргі таңдағы жалпы жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқыту үрдісінде қолдануды қажет ететін әдістердің бірі.

Z. Balazsiova өз зерттеуінде (Balazsiova, 2018) қарастырғандай физика заңдарын меңгеруге байланысты ғылым мен техниканың қарқынды дамуы және медициналық және ғылыми пәндерде жаңа әдіснамалар мен құралдардың енгізілуі, медицина қызметкерлерінің функционалдық физикалық сауаттылығының жоғары деңгейде болуы тиіс екенін көрсетеді. Автордың пікірінше заманауи техника мен технологияның қарқынды дамуы жағдайында медициналық қызметкерлердің бұл үрдіске ілесе алуы өте маңызды, ол үшін жоғары оқу орындарында оқыту үрдісіне заманауи құрылғыларды қолдану және соған сәйкес оқыту әдістемелері болғанда ғана қол жеткізу мүмкін болмақ.

Осылайша аталған ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай келе туындаған мәселелерді шешу үшін зерттеу жұмысымыздың мақсаты медициналық биофизика пәнін кәсіби бағдарлы оқытудың қажеттіліктерін анықтау және оның тиімді әдістерін көрсету болды.

Осы анықталған мақсаттың қолжетімділігін біріншіден, білім алушылардың медициналық биофизика пәніне қызығушылығының төмен болу себептерін анықтау; екіншіден, зерттеуге қамтылған медициналық биофизика пәнін кәсіби бағдарлы оқыту әдістерін қарастыру арқылы қамтамасыз етуге болады деп есептейміз.

Материалдар мен негізгі әдістер

Қазірге кезде қоғамның барлық салаларында болып жатқан үрдістер мен өзгерістер, кез келген мамандардың еңбек нарығындағы олардың әлеуметтік ұтқырлығы мен тұрақтылығына ықпал ететін кәсіби қасиеттеріне жаңа талаптарды анықтайды. Бұл қазіргі таңда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және ғылыми-техникалық жағдайларға байланысты кәсіптік білім берудің осы өзгерістерге бейімделу міндеттерін қояды. Медициналық білім беру жүйесін жетілдіру мен дамытудың басты мақсаты дербес кәсіби қызметке қабілетті маман дайындау болып табылады. Бұған тек медициналық жоғары оқу орны білім алушылары оқу іс-әрекетінің барлық бағыттары бойынша жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін қоса алғанда сапалы дайындық негізінде қол жеткізуге болады.

Жалпы медицина, стоматология және фармацевтикалық мамандықтар

бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес медициналық жоғары оқу орындары білім алушыларына медициналық биофизика пәні базалық пәндер қатарында оқытылады. Қазіргі таңдағы көптеген биофизикалық оқыту әдістері ішкі және сыртқы орта әсерлерінің, соның ішінде, биологиялық, химиялық, техногендік заттар табиғатының, токсикалық элементтердің, ағзаға әсер ету механизмін анықтап түсіндіру үшін кеңінен қолданылады.

Медициналық жоғары оқу орындарындағы физика-математикалық пәндер медициналық жабдыктардың, диагноз қою және емдеу әдістерінің жетілдірілуімен күрделенуіне, зерттеу нәтижелерін дұрыс бағалау қажеттілігі мен ғылыми түсінуге байланысты үлкен мәнге ие болады. Қоршаған ортаның ағзаға тигізетін әсерлерінің физикалық негізін, ағзадағы физикалық үрдістерді білмей диагностикалық және емдік іс-әрекеттерді, медициналық-профилактикалық жұмыстарды дұрыс жүргізу мүмкін емес (Bossieva and Bossiev, 2012).

Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларына сәйкес қазіргі заманғы техникалармен қамтамасыз етілген денсаулық сақтау және жоғары технологиялық медициналық көмек беру жағдайында, әрдайым білімін дамытуға және тәуелсіз дәрігерлік тәжірибеге дайын мамандарды дайындау мен білім алушылардың кәсіби бейімделуін қамтамасыз ететін күзиреттілігіне негізделген.

Медициналық биофизика пәнін оқу, жалпы медицина факультеті білім алушыларда биологиялық жүйелерде, соның ішінде ағзада болатын заттың физикалық қасиеттерімен физикалық үрдістері туралы жүйелі білімнің қалыптасуына ықпал етеді. Заманауи медицина саласы үшін биофизиканың маңызы физикадағы әсер ету әдістерімен (өрістер, ультратыбыстық, элементар бөлшектер) және физикалық талдау әдістерімен (электрондық микроскопия, биопотенциалдарды тіркеу, радиоактивті изотоптарды қолдану), сондай-ақ күрделі электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдыларымен байланысты. Биофизика-тірі ағзаларға физикалық факторлардың әсерін және күйін зерттейтін ғылым және медициналық биофизика, тұтас ағзада оның жеке функционалдық жүйелері мен әртүрлі ішкі ағзалар деңгейінде жүретін үрдістерді, сондай-ақ олардың физиологиялық функциялардың негізінде жатқан физикалық қасиеттерін зерттейтін ғылым. Сондай-ақ тәжірибелік медицинаның негізін құрайды және медицинаның нақты жаратылыстану ғылымдарымен үздіксіз байланысын орнатады (Drachuk and Shamaeva, 2015).

Соған қарамастан, бұл пәндердің көзге көрініп тұрған барлық қажеттіліктерімен физика, медициналық биофизика мәселелерінің медицина мамандығы үшін маңыздылығын, алғашқы курс білім алушылары және кейбір жағдайда медициналық жоғары оқу орындарындағы өзге де кафедралардың оқытушылары мен дәрігерлеріде жақсы түсіне бермейді. Мамандардың кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптарды өзгертетін қазіргі

заманғы әлеуметтік экономикалық үрдістер, білім алушылардың дәстүрлі оқыту әдістеріне қатынасына да байланысты екенін атап өткен жөн. Соңғы жылдары алғашқы курс білім алушыларының жаратылыстану пәндерін оқуға деген қызығушылығы айтарлықтай төмендегенін (кей жағдайда бас тартуға дейін) байқауға болады. Бұл құбылыстарды зерттейтін мамандар (Shcherbakova, 2014), медициналық жоғары оқу орны білім алушыларының бейімделуін қиындататын фактор, негізінен дәстүрлі оқытудың мазмұны мен формаларының білім алушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерінен алшақтығы, сондай-ақ осы курстың құндылығын түсіндірудің төмендігінен деп санайды.

Материалды беру мен бақылаудың дәстүрлі әдістерінде білім алушылар болашақ мамандығы үшін жаратылыстану пәндерінің құндылығын көре бермейді және компоненттері арасында сабақтастық байланысы бар оқу үрдісін біртұтас деп түсінбейді. Әдетте медициналық биофизиканы білім алушылар арнай мамандық пәндеріне дейінгі қажетті пән екендігін түсінбейді. Олар медициналық биофизика пәнінің оқудың мазмұндық -құндылық аспектілерін, биофизиканы оқу кезінде алған білімді әрі қарай бейіндік пәндерде пайдалану жолдарын көрмейді. Алғашқы курс білім алушылары дәрігердің болашақ тәжірибесінде болатын қызметі үшін базалық пәндерден меңгерген білімнің маңыздылығын дұрыс түсіне бермейді.

Әрине білім алушылардың биофизиканы меңгерудің маңыздылығын түсінбеуі оны жай қарапайым қатардағы пән ретінде қарауына жол бермейді. Себебі медициналық биофизикадан алған білімдері мен дағдыларын медицина мамандары өздерінің кәсіби іс әрекеттерінде әрдайым қолданады. Адам ағзасындағы әртүрлі физиологиялық үрдістердің күрделілігі мен өзара байланысының әртүрлігіне карамастан, олар физикалық үрдістерге өте жақын. Мысалы күрделі физиологиялық үрдістер қан айналуының өзі, яғни сұйықтың қан тамырлары бойымен ағуы (гидродинамика) және серпімді қан тамырларымен таралуы (тербелістер мен толқындар), сондай-ақ жүректің механикалық жұмысы (механика) осының бәрі физикалық үрдістермен байланысты. Сонымен қатар биопотенциалдардың генерациясы (электрлік құбылыс) жіне газдар қозғалысына байланысты, дем алу (аэродинамика), жылу алмасу (термодинамика), булану (фазалық айналу) тағы басқа құбылыстарда осыған жатады. Жалпы тірі ағзаларда физикалық макро үрдістермен қатар молекулалық (микро) үрдістер де жүреді. Олар биологиялық жүйелердің өзгерісін жай күйін сипаттайды. Мұндай микроүрдістердің физикалық қасиеттері мен құбылысын білу ағза күйінің сипатын дұрыс бағалауға, кейбір туындаған аурулардың табиғатын анықтауға, оған әсер ететін дәрі-дәрмектің әсерін білуге, дәрілердің қандай түрлерін нақты қолдануға болатындығын анықтауға аса қажет. Қазіргі заманғы барлыққа дерлік медициналық аппараттар мен құралдардың негізі физикалық заңдылықтар принципі негізінде құралған құралдар болып

табылады. Мысалға, дыбыстарды тыңдау (аускультация) арқылы ағзаның қалыпты немесе патологиялық жағдайы туралы ақпарат алу құралы – фонендоскоп пен стетоскоп, артериялық қан қысымын өлшеуге арналған – спигмомонометрдің негізінде физикалық заңдылықтар жатыр. Сонымен қатар температураны өлшеуге арналған - медициналық термометрдің, ағзаның ішкі бөліктерін зерттеуге арналған, талшықты оптика құралдары –эндоскоп пен гастроскоптың, жүректің қызметін бейнелейтін, биопотенциалдарды тіркеу құралы – электрокардиографтың, медициналық-биологиялық зерттеулерде қолданылатын – микроскоптың жұмыс істеу принциптері физикалық заңдылықтарға негізделген. Сондай-ақ гигиена мен фармакологияда, сот медицина сараптамасында қолданылатын спектрлік анализ, ультрадыбыстық зерттеу, рентгендік зерттеу тағы басқа әдістер физикалық құралдар негізінде жүзеге асырылатын негізгі әдістер болып табылады (Orazakinov et al., 2019). Бұларды дұрыс әрі толыққанды меңгеру медицина мамандарының кәсіби іс әрекетінде қолданудың негізі болып табылады.

Сол себепті медициналық мамандықта оқып жатқан білім алушылардың жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылығын оятып және оның болашақ кәсіби іс әрекетінде қолдануының маңызы зор екенін түсіндіретін шешім қарастыру қажет. Осы мәселелерді зерттеуші психологтар білім алушылардың оқу материалынан бас тартуы оқытылатын заңдар мен теорияларды оның жеке басына, болашақ кәсіби іс әрекетіне байланысы жоқ қажетсіз нәрсе ретінде қабылдаған жағдайларда болады деп санайды (Peshikov and Maksimova, 2010). Білім алушы өзіне оқытылатын теориялар мен тәжірибелік мысалдарды анықтай алуы керек. Бұл оқытылатын материалды игеру сапасын арттырады (Yasko, 2008). Осыған байланысты болашақ дәрігердің кәсіби құзыретін қалыптастыру үшін мотивация мен танымдық қызығушылықты арттыру мақсатында, медициналық жоғары оқу орындарында аталған пәнді оқыту әдістемесінің тұжырымдамалық негіздерін қайта қарау өзекті болып табылады. Медициналық диагностика мен емдеу үшін өте маңызды салалар биоакустика, биоэнергетика, биомеханика және биоэлектродинамика салалары медициналық биофизикамен тікелей байланысты. Болашақ дәрігерлер ағзада орын алатын биологиялық құбылыстардың химиялық және физикалық табиғатын түсініп, алған білімін медициналық тәжірибесінде қолдана алуы үшін медициналық жоғары оқу орындарында медициналық биофизика пәнін кешенді оқыту қажет (Tsekhmister, 2024).

Осы мәселелерді шешудің бір жолы ретінде біз медициналық биофизика пәнін кәсіби бағдарлы оқыту әдістемесін қарастыруды ұсынамыз. «Кәсіби бағдар» ұғымын түсіну үшін алдымен «бағдар» терминінің мағынасын түсінуіміз керек. С.И. Ожеговтың сөздігінде келгендей бағдар дегеніміз «ойлар мен қызығушылықтардың бір нәрсеге мақсатты түрде шоғырлануы» деп түсініледі (Ojegov, 1990). Білім беру ұйымдарында оқу үрдісін ұйымдастыру мазмұнында жалпы «бағдар» ұғымы көрініс табады. Оның

ішінде оқу үрдісіндегі тұлғаның болашақ кәсіби қызметі үшін дайындығы мен мүмкіндіктерін көрсететін «кәсіби бағдар» және «педагогикалық бағдар» ұғымдарын айтса болады. Кәсіби бағдарлы оқыту - тұлғаның болашақ мамандығына бағдарлануы үшін жеке қажеттілігі, мотивтері, бейімділіктері мен қызығушылықтары жүйесінің қалыптасуы ретінде қарастырады. Жекелеген пәндерді оқу тұрғысынан алғанда кәсіби бағдар деңгейі пәнге деген қатынасына және мамандығына деген көзқарасқа тікелей байланысты (Aleshina, 1991).

Нәтижелер. Медициналық жоғары оқу орны студенттеріне медициналық биофизика пәнін кәсіби бағдарлы оқытудың өзектілігін анықтау мақсатында 2025-жылдың қазан айында тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды. Эксперименттік зерттеу жұмыстары Алматы қаласындағы Қазақ Ресей медицина университетінде жүргізілді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты іске асыру үшін аталған ЖОО-ның медицина, стоматология және фармация факультеттері төменгі курс студенттері (1-ші курс) және жоғары курс студенттері (5-ші курс) арасында анонимді сауалнама алынды. Сауалнамаға алғашқы курс студенттерінен 157, ал жоғары курс студенттерінен 65 респондент қатысты.


Сауалнамада алғашқы курс студенттерінің медициналық биофизика пәнінен алған білімдерін, өздерінің болашақ кәсіби іс-әрекеттерінде қолдану қажеттілігін немесе мүлде қолданбауы мүмкін екендігін түсінуін анықтау мақсатындағы сұрақтар қамтылған болса, жоғары курстарға бұл кезеңде нақты медициналық тәжірибемен айналысатын болғандықтан, олардың сол тәжірибе барысында медициналық биофизика пәнінен алған білімдерін қолдана алу қажеттілігін анықтау мақсатындағы сұрақтар қойылды.

1-ші курс сауалнама нәтижесі:

Медициналық биофизика пәнінің болашақ өз мамандығы үшін маңыздылығын анықтауға байланысты сұрақта білім алушылардың 77,7% иә маңызды деп жауап берсе, 8,3% жоқ, ал 14% нақты білмеймін деп жауап берген 1-ші сурет.

Медициналық биофизика пәні сіздің болашақ мамандығыңыз үшін маңызды деп ойлайсыз ба?

157 ответов




Сурет 1 – зерттеу нәтижесі

Заманауи медициналық технологиялар, яғни диагностика және емдеу әдістері физика заңдарына негізделген деп есептейсіз бе деген сұраққа білім алушылардың 91,1% иә деп жауап берсе, 3,8% жоқ, ал 5,1% толық сенімді емеспін деп жауап берген 2-ші сурет.

Заманауи медициналық технологиялар (рентген, лазерлік терапия, электрокардиография) физика заңдарына негізделген деп есептейсіз бе?

157 ответов




Сурет 2 – зерттеу нәтижесі

Биофизикалық білімді терең меңгеру заманауи жаңа медициналық емдеу әдістерін дамытуға көмектесе алады деп ойлайсыз ба деген сұраққа студенттердің 92,4% иә деп жауап берсе, 7% жоқ, ал 0,6% білмедім деп жауап берген 3-ші сурет.

Биофизикалық білімді терең меңгеру жаңа медициналық емдеу әдістерін дамытуға көмектесе алады деп ойлайсыз ба?

157 ответов




Сурет 3 – зерттеу нәтижесі

Медицинада қолданылатын заманауи биофизикалық әдістердің маңыздылығын түсінетіндігіне байланысты сұраққа студенттердің 82,8% иә деп жауап берсе, 6,4% жоқ, ал 10,8% толық түсінбеймін деп жауап берген 4-ші сурет.

Сіз медицинада қолданылатын биофизикалық әдістердің маңыздылығын түсінемін деп ойлайсыз ба?

157 ответов




Сурет 4 – зерттеу нәтижесі

Медициналық биофизиканы оқу медициналық тәжірибеде пайдалы болады деп ойлайсыз ба деген сұраққа студенттердің 77,7% иә деп жауап берсе, 7% жоқ, ал 15,3% қосымша түсіндіру қажет деп жауап берген 5-ші сурет.

Биофизиканы оқу медициналық практикада пайдалы болады деп ойлайсыз ба?

157 ответов




Сурет 5 – зерттеу нәтижесі

5-ші курс сауалнама нәтижесі:

Медициналық биофизика пәні физиологиямен ғана емес, сондай-ақ патофизиология және фармакологиямен де тығыз байланысты ма деген сұраққа студенттердің 69,2% иә деп жауап берсе, 9,2% жоқ, ал 21,5% толық сенімді емеспін деп жауап берген 6-шы сурет.

Биофизика пәні физиологиямен ғана емес, сондай-ақ фармакология және патофизиологиямен де тығыз байланысты ма?

65 ответов




Сурет 6 – зерттеу нәтижесі

Заманауи медициналық технологияларды (мысалы, ультрадыбыстық зерттеу, радиациялық диагностика) меңгеру және дұрыс пайдалану үшін биофизикалық білім қажет деп ойлайсыз ба деген сұраққа студенттердің 73,8% иә деп жауап берсе, 13,8% жоқ, ал 12,3% толық сенімді емеспін деп жауап берген 7-ші сурет.

Заманауи медициналық технологияларды (мысалы, ультрадыбыстық зерттеу, радиациялық диагностика) дұрыс пайдалану үшін биофизикалық білім қажет деп ойлайсыз ба?

65 ответов




Сурет 7 – зерттеу нәтижесі

Сіз диагностикалық және терапевтік аппараттардың (МРТ, КТ, лазерлік терапия) жұмыс істеу принциптерін тереңірек дұрыс түсінгеніңіз науқастарды емдеуде көмектеседі деп ойлайсыз ба деген сұраққа студенттердің 89,2% иә деп жауап берсе, 4,6% жоқ, ал 6,2% толық сенімді емеспін деп жауап берген 8-ші сурет.

Сіз диагностикалық және терапевтік аппараттардың (МРТ, КТ, лазерлік терапия) жұмыс принциптерін тереңірек түсінгеніңіз науқастарды емдеуде көмектеседі деп ойлайсыз ба?

65 ответов




Сурет 8 – зерттеу нәтижесі

Тыныс алу механикасы, биоэлектрлік құбылыстар және қан айналымының гидродинамикасы сияқты биофизикалық ұғымдарды түсіну клиникалық шешім қабылдауға көмектесе ме деген сұраққа студенттердің 75,4% иә деп жауап берсе, 7,7% жоқ, ал 16,9% кейбір жағдайларда деп жауап берген 9-шы сурет.

Қан айналымының гидродинамикасы, тыныс алу механикасы және биоэлектрлік құбылыстар сияқты биофизикалық ұғымдарды ...линикалық шешім қабылдауға көмектесе ме?

65 ответов



Сурет 9 – зерттеу нәтижесі

Болашақ медицина мамандарына медициналық биофизика пәнін тереңдетіп оқыту олардың кәсіби дайындығын жақсартары деп ойлайсыз ба деген сұраққа студенттердің 75,4% иә деп жауап берсе, 7,7% жоқ, ал 15,4% оқытудың басқа әдістері қажет деп жауап берсе, 1,5% бастапқы курстардағы берілетін білім толықтай сапалы болған жағдайда, қосалқы оқытулардың қажеті жоқ деп ойлаймын деп өз ойларын білдірген 10-шы сурет.

Болашақ дәрігерлерге медициналық биофизика курсын тереңдетіп оқыту олардың кәсіби дайындығын жақсартады деп ойлайсыз ба?

65 ответов



Сурет 10 – зерттеу нәтижесі

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей бірінші курс білім алушыларының басым көпшілігі медициналық биофизика пәнінен алған білімдерін, өздерінің болашақ кәсіби іс-әрекеттерінде қолдана алу қажеттілігінің маңызды екенін түсінетіндігі анықталды. Ал бесінші курс білім алушылары медициналық биофизика пәнінен алған білімдерінің басқада жоғары курста оқитын пәндерімен тығыз байланысты екенін және медициналық тәжірибеде бұл алған білімдердің соңғы қол жеткізетін нәтижелерге тікелей әсері болатынын анықтады. Сонымен медициналық биофизика пәнін кәсіби бағдарлы оқыту әдістемесін қарастыру осы анықталған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Талқылау

Медицина саласындағы білім алушылар үшін медициналық биофизика курсын оқыту теория мен тәжірибені ұштастыра отырып жүзеге асырылуы тиіс. Кәсіби бағдарлы оқыту білім алушылардың болашақ мамандықтарына сәйкес пәнді тереңірек түсінуіне ықпал етеді. Осы аталған жағдайларға байланысты медициналық биофизика курсын медициналық жоғары оқу орындарында оқытудың кәсіби бағдарлы әдістері жүйеленді:

1. Зертханалық жұмыстарды клиникалық іс-тәжірибемен біріктіру.

Білім алушылар қазірі заманғы медициналық құралжабдықтармен жұмыс істей отырып, олардың биофизикалық негіздерін жақсы меңгере алады. Мысалға, ультрадыбыстық зерттеу принциптерін оқытқан кезде, білім алушыларға нақты ультрадыбыстық аппаратпен жұмыс жасау мүмкіндігін беру қажет.

2. Клиникалық іс-тәжірибелік мысалдар арқылы оқыту.

Биофизикалық құбылыстарды медицинадағы іс-тәжірибелермен байланыстыру білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Мысалға:

- Қан тамырлардағы қан айналым жүйесіндегі гидродинамикалық заңдылықтарды зерттегенде, артериалды қысымның патологиялық өзгерістерімен байланысын қарастыру.

- Электромагниттік толқындардың биологиялық ағзаларға әсерлерін зерттегенде, рентгендік сәулеленудің диагноз қою барысында қолданылуын талдау.

3. Заманауи интерактивті оқыту әдістерін қолдану.

- Симуляциялық технологиялар – компьютерлік модельдеу, виртуалды зертханалар және тренажерлар білім алушылардың алған білімін медициналық іс-тәжірибемен ұштастырады.

- Пәнаралық ықпалдастық – медициналық биофизиканы медицина саласына қажетті басқада пәндермен байланыстыра отырып оқыту (физиология, биология, патофизиология, радиология).

Осы қарастырған әдістерді тиімді қолданған жағдайдағы медициналық биофизиканы кәсіби бағдарлы оқытудың артықшылықтары анықталды:

Біріншіден клиникалық ойлау қабілетін дамыту, яғни білім алушылар биофизикалық құбылыстардың медициналық маңызын түсініп, өз алған білімдерін клиникалық іс-тәжірибеде қолдана алады.

Екіншіден медициналық жаңа технологияларды игеру, яғни болашақ дәрігерлер заманауи диагностикалық және терапевтік әдістердің ғылыми негіздерін түсінеді.

Үшіншіден ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру, яғни медициналық зерттеулер барысында қолданылатын физикалық-математикалық заманауи әдістерді игеру білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілетін арттырады.

Төртіншіден заманауи инновациялық әдістерді енгізу мүмкіндігі, яғни медицина саласындағы жаңа технологияларды меңгеруге және оларды клиникалық іс-тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін медициналық биофизиканы кәсіби бағдарлы оқытудың тиімділігін арттыру әдістерін қарастырдық:

- Білім беру бағдарламаларын жаңарту – медицина саласында қолданылатын биофизикалық технологиялардың соңғы ғылыми жетістіктерін оқу үрдісіне енгізу.

- Заманауи оқыту танымдық құралдарын пайдалану – цифрлық симуляциялар, қашықтықтан оқыту платформалары.

- Медициналық жоғары оқу орындарындағы клиникалық кафедралармен байланыс – медициналық биофизиканы оқытуды клиникалық іс-тәжірибелермен үйлестіру.

- Оқытушылардың біліктілігін арттыру – медициналық биофизика пәнінің оқытушыларына медициналық бағыттағы курстардан өту мүмкіндігін беру.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері медициналық биофизика курсын медициналық жоғары оқу орындарында кәсіби бағдарлы оқытудың маңыздылығын дәлелдеді. Білім алушылар бұл пәннің медицина саласында қолданылу мүмкіндігін түсінеді, бірақ пәнді жеткізудегі оқыту әдістерін жетілдіру

қажеттігі байқалады. Медициналық биофизика курсы медициналық жоғары оқу орындарында кәсіби бағдарлы оқыту болашақ дәрігерлердің клиникалық ойлауын дамытуға, заманауи медициналық технологияларды меңгеруге және ғылыми зерттеу жүргізу қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Биофизикалық принциптерді медицина саласымен байланыстыра отырып оқыту білім алушыларды заманауи медициналық іс-тәжірибенің талаптарына сай дайындаудың маңызды элементі болып табылады. Сондықтан медициналық биофизика курсы клиникалық медицинамен байланыстыру, заманауи зертханалық жұмыстарды енгізу және инновациялық оқыту әдістерін пайдалану маңызды.

Кәсіби бағдарлы оқыту әдістемелерінің бір элементі ретінде қазіргі заманғы жаңа интерактивті оқыту технологияларын белсенді қолдануды айтсада болады. Білім алушылардың медициналық биофизика курсының материалын сапалы игеруі ішкі мотивацияның жоғары деңгейімен ғана мүмкін болады. Бұған негізінен интерактивті тәсіл, яғни студент толыққанды әңгімелесуші және оқу процесіне қатысушы, оқу субъектісі болған кезде білім алушылар мен оқытушы арасындағы тең құқылы ынтымақтастықты қамтамасыз ететін диалог негізінде қол жеткізуге болады. Медициналық биофизиканы оқыту кезінде зерттелетін материалдың мазмұнды - құндылық аспектілеріне бағытталған инновациялық технологияларды қолдану қажет. Оқыту біртұтас үдерісті құрастыратын жалпы білім беретін пәндердің бейіндік пәндермен сабақтастығына негізделуі керек. Бұл білім алушының оқуға деген жеке мотивациясының қалыптасуына жағдай жасайды және оның деңгейі мен сапасына қызығушылығын арттырады. Бірінші курс студенттері медициналық аппаратуралар, әр түрлі диагностика әдістері, медицинадағы ақпараттық ағындарды талдау және басқару әдістері негізіне жататын әртүрлі физикалық заңдылықтарды, сонымен қатар ғылыми және тәжірибелік міндеттерді тұжырымдауды үйрену және оларды шешудің тиісті әдістерін таңдауды үйренуі керек. Бұл студенттердің қызығушылық деңгейін арттыруға, тиімді дұрыс оқуға және кәсіби мамандығына бейімделуіне ықпал ететіні сөзсіз.

Бұл зерттеу жұмысы жоғары оқу орындарындағы медициналық білім беруді дамытуға үлес қосып, болашақ медицина мамандарының кәсіби дайындығын арттыруға көмектеседі.

References

- Abdujabbarova U.M., Sobirjonov A.Z., Latipova K.D. (2023) Features of teaching biophysics to medical students. *British Journal of Global Ecology and Sustainable Development*. — P. 58-61. <https://ib.medprof.tma.uz/wp-content/uploads/2023/08/13.pdf> (in English)
- Aleshina T.N. (1991) *Urok matematiki: primenenie didakticheskikh materialov s professional'noj napravlennost'ju* [Math lesson: application of didactic materials with a professional orientation]. Moskva: Vysshaja shkola, 63 p. (in Russian)
- Balazsiova Z. (2018) Identification of Some Factors Affecting Results of the Solution of a Simple Medical-Physical Problem by Medical Students. *Bratislava: Comenius University, US-China Education Review A*. №3. — P. 123-128. (in English)

Bocieva N.I., Bociev I.F. (2012) Prepodavanie fiziki i matematiki v uslovijah modernizacii medicinskogo obrazovanija [Teaching physics and mathematics in the context of modernization of medical education]. Kostroma: Vestnik Kostromskogo gosudarstvennogo universiteta im. N. A. Nekrasova, №1. — P. 121–125. (in Russian)

Drachuk L.A., Shamaeva T.N. (2015) Codejstvие formirovaniyu professional'nyh kompetencij u studentov medicinskogo vuza v processe prepodavaniya estestvenno-nauchnyh disciplin [Assistance in the formation of professional competencies among medical university students in the process of teaching natural sciences]. Cheljabinsk: Pediatricheskij vestnik Juzhnogo Urala, №2. — P. 28–33. (in Russian)

Jas'ko B.A. (2008) Klinicheskoe myshlenie v strukture professional'nogo myshlenija vracha [Clinical thinking in the structure of a doctor's professional thinking]. Chelovek. Soobshhestvo. Upravlenie, №4. — P. 83–90. (in Russian)

Kralova E. (2017) Motivation of Medical Students to Study Sciences. New Trends and Issues Proceedings on Humanities and Social Sciences, — P. 103–108. <https://un-pub.eu/ojs/index.php/pntsbs/article/view/2983> (in English)

Kurbonova N.I. (2025) Integrative teaching methodology of biophysics in medical fields. International scientific journal Science and Innovation, — P. 100–113. <https://www.europub.co.uk/articles/integrative-teaching-methodology-of-biophysics-in-medical-fields-A-776259> (in English)

Kuşekkaliev A.N., Anesova G.Q. (2025) Fizikany oqytu prosesinde sifrlıq bilim beru resurstarın qoldanu [The use of digital educational resources in the process of teaching physics]. Almaty: Abylai han atyndaǵy QazHQ jáne ÁTU Habarşysy jurnaly, Pedagogika ǵylymdary seriesy №3. — P. 436–448. (in Kazakh)

Mutalipov M.M., Atluhanova L.B., Truzhenikova S.E. (2024) Motiv, celi i cennosti fizicheskogo obrazovanija v medicinskih vuzah [Motives, goals, and values of physical education in medical schools]. Mahachkala: Izvestija DGPU. T. 18. № 2. — P. 63–69. (in Russian)

Orazaqynov K.B., Jūmabekova R.R., Urazakynov D.K., Nurbekova A.J. (2019) Medisinalyq biofizika [Medical Biophysics]. Almaty: Gylym, 462 b. (in Kazakh)

Ozhegov S.I. (1990) Slovar' russkogo jazyka [Dictionary of the Russian language]. Moskva: pod redakcij N.Ju. Shvedovoj, 921 p. (in Russian)

Peshikov O.V., Maksimova O.G. (2010) Psihologicheskie testy kak variant podhoda k vyboru budushhej medicinskoj special'nosti [Psychological tests as an approach to choosing a future medical specialty]. Medicina i obrazovanie v Sibiri, №3. — P. 24–28. (in Russian)

Shherbakova I.V. (2014) K probleme professional'noj adaptacii studentov-pervokursnikov medicinskogo vuza [On the problem of professional adaptation of first-year medical university students]. Bjulleten' medicinskih internet-konferencij, — P. 210–212. (in Russian)

Tsekhmister Y. (2024) Medical informatics and biophysics in medical universities of European countries: A systematic review and metaanalysis. Electronic Journal of General Medicine. — P.3–11. DOI: <https://doi.org/10.29333/ejgm/14197> (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 30, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 3